



**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме - библиография бөлімі**

ҰЛТЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН



**/жазушы, журналист Сералин Мұхамбетжанның
туғанына 150 жыл/**

Жаднама

**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме - библиография бөлімі**

ҰЛТЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

**/жазушы, журналист Сералин Мұхамбетжанның
туғанына 150 жыл/**

**Арқалық қаласы
2022 жыл**

ӘОЖ 8
КБЖ 83
Ұ 47

Құраст., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: К. Б. Борибаева
Мұқабаны безендірілген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова

Ұлтының қамын ойлаған [Мәтін] : (жазушы, журналист Сералин Мұхамбетжанның туғанына 150 жыл толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі; [құраст.; С. М. Көшкінбай ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б], 2022. – 24 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі жазушы, журналист Сералин Мұхамбетжанның туғанына 150 жыл толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамада Сералин Мұхамбетжанның өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 8
КБЖ 83

© С. М. Көшкінбай

Ұлт қамқоры болған тұлға



Сералин Мұхамбетжан (1872–1929) – көрнекті жазушы, ақын, публицист, білікті журналист, қоғам қайраткері ретінде танылған. 1872 жылы Қостанай облысы Қарабалық ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Троицкідегі медреседе оқып, Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген. 1911–1915 жылдары Троицкіде «Айқап» журналын шығарды.

1919–1920 жылдары – «Ұшқын» газетінің қызметкері. 1921–1922 жылдары – Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы. 1922–1923 жылдары – Қостанай губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары. 1923–1926 жылдары – «Ауыл» газетінің редакторы қызметтерін атқарған. М.Сералиннің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңіне «Айқап» журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақалалары жатады. Екінші кезең 1918–1928 жылдар аралығын қамтиды, бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды. 1900 жылы алғашқы жарияланған «Топжарған» поэмасы қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарына жатады. Поэмада ХІХ ғасырдың 30–40 жылдарындағы қазақ өмірі, Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыс бейнеленген. 1909 жылы жарық көрген «Гүлқашима» поэмасы әйел теңсіздігі мәселесіне арналған. М.Сералин Ы.Алтынсариннің ағартушылық – демократиялық идеяларын қолдады. Ол Фердауси «Шаһнамасының» «Рүстем - Зобар» бөлімін В. Жуковский нұсқасынан, сондай-ақ А. Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қоғамдық ғылымдар марксистік-лениндік методология мен партиялық принциптердің үстемдігінен арылып, өркениеттілік ұстанымдарға негізделген методологияның арасына түсті. Соған орай ХХ ғасыр басындағы ұлттық саяси элита өкілдерінің өмір жолы мен қызметіне қатысты объективті пікірлер айтылып, тұжырымдар жасала бастады. М. Сералиннің мұрасы мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты зерттеулер жүргізудің қарқыны арта түсті. Белгілі әдебиетші –ғалымдар Ү. Субханбердина мен С. Дәуітовтың құрастыруымен «Айқап» журналына еңген мақалалардың жинағы жарық көрді. Осы жинақта «Айқап» журналының редакторы М.Сералин қатысты объективті пікірлер білдірді. Заңгер-ғалым Қ. Ыдырысовта М. Сералиннің шығармалар жинағы құрастыру бағытында жұмыстар жүргізіп, 2002 жылы М. Сералиннің мақалалары мен публицистикалық шығармалары, поэмалары

мен аудармалары енген кітапты жарыққа шығарды. Осы жинаққа «Ұлт тарихындағы ұмытылмас есім» деген тақырыпта алғы сөз жазған Қ. З. Ыдырысов мынадай орындағы пікір білдіреді: «Еліміз тәуелсіздік алып,



ұлтын егемендікке жеткізу жолында құрбандыққа болса да, ар жолынынан таймай беделін биік, абыройын жоғары ұстап, халыққа қызмет етудің үлгісін көрсеткен әрбір Алаш азаматы өмірінің мемлекетіміз үшін қайталанбас құндылық болып табылатынын түсіну, М.Сералин шығармашылығына

байланысты «Қайраткер-қаламгер Мұхамеджан Сералин» атты еңбегін 2004 жылы жарыққа шығарды. Бұл еңбекте М.Сералинның мұрасы үш топқа бөлініп қарастырылды. Бірінші бөлімде - қайраткердің әдеби мұрасы, екінші бөлімде – публицистикалық мұрасы, үшінші бөлімде – аудармалары. Автор М. Сералиннің шығармалары мен аудармаларын зерделеумен шектелгенімен зерттеулерге мынадай құнды ой-пікір білдіреді: «Жаңаша бағалап-бағымдауды қажет ететін тұлғаның бірі – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі, қоғам қайраткері – Мұхамеджан Сералин. Бұған дейінгі зерттеулерде М.Сералин коммунист ретінде мадақталып, кейбір түрікшілік, исламшылдық пікірлері не бүркемеленді, не қателік ретінде саналды. М. Сералин қазақ мәселесінде ұлтшыл, тұтас түрік жұрты жөнінде түрікшіл, тіпті исі ислам бірлігін аңсаған азамат М. Сералинді исламдық, түрікшілік, ұлтшылдық көзқарасы үшін сынау қате. Бұл – М. Сералин дүниетанымынан туған көзқарасы, наным-сенімі, шығармаларында ті етіп ұстайтын темірқазық идеясы». М. Сералиннің қаламгерлігі тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиетшілеріне ғана емес, өзбек әдебиетшілерінің де назарына ілінді. Өзбек әдебиетші-ғалымы О. Шарафуддинов өзбек ақыны, әрі жазушы Шолпанның шығармалар жинағына «Әдебиет жасаса – ұлт жасайды» деген тақырыпта алғы сөз жазып, онда М. Сералиннің шығармашылығына да назар аударады. Оның пікірінше, М. Сералиннің «Тіл мен әдебиет халықтың рухы» деген ұстанымы өзбек қаламгеріне, соның ішінде Шолпанға да елеулі ықпалын тигізген. Қазақ тарихшыларының 1991 жылдан бергі еңбектерінде де М. Сералинге қатысты тың ой-пікірлер білдірілуде. Көрнекті тарихшылар К. Нұрпейісов пен М. Қойгелдиевтің алаш қозғалысына байланысты жазылған еңбектерінде М. Сералинге және оның жетекшілігімен шыққан «Айқап» журналына байланысты тың тұжырымдар бар. К. Нұрпейісов: «Қазақ зиялылары халықтың қалың бұқарасын туған өлкені қайта құрып, түрлендіру ісіне жұмылдыруда ұлттық газеттер мен журналдар, поэзиялық жинақтар мен көпшілікке арналған әр алуан тақырыптар бойынша жинақтар шығарудың маңызын жақсы түсінді. Қазақтың ұлттық баспасөзінің толыққанды алғашқы екі басылымы 1911 жылы дүниеге келді», - дей

отырып, бұл істегі Сералиннің қайрат-жігеріне назар аударады. Деректанушы –ғалым Қ. Атабаевтың еңбегінде М. Сералиннің қазақ баспасөзін шығару ісіндегі қызметіне назар аударылған. Автор М. Сералиннің 1906 жылдан бастап қазақ баспасөзін шығару жолында әрекеттенген, бірақ қайраткердің ондай әрекеттері сәтсіз аяқталып отырғанын негізіндеуімен қатар, қайраткердің «Айқап» журналын шығару жолында сіңірген еңбегін нақтылы деректермен дәйектейді. Сондай – ақ автор «Айқап» журналының XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде қарастырып, М. Сералиннің бұл басылымдағы мақалаларын деректанулық тұрғыда талдауға алады. М. Сералиннің қоғамдық-саяси қызметінің кейбір қыры Башқорстан мен Қырғызстан ғылымдарының еңбектерінде де көрініс табуда. Башқорстандық ғалым Л. С. Түзбекованың еңбегінде М. Сералин «Ғалия» медресесінде оқыған шәкірттер арасына «Айқап» журналын насихаттап, шәкірттердің біразын осы журналған тілші ретінде тартқан. Л. С. Түзбекованың бұл мәліметін қырғыз ғалымдары Э. Манаев пен А. Османкулов та нақтылай түседі. Бұл авторлардың кітабында XX ғасыр басындағы қырғыз ағартушысы И. Арабаевтың М. Сералинмен тығыз байланыс орнатып, «Айқап» журналында қырғыздардың сол тұстағы өміріне, тыныс-тіршілігіне қатысты мақалалар жарияланғаны айтылды. Батыс зерттеушілері А. Беннингсен мен Ш. Ламарсье-Калькежейдің еңбегінде М. Сералиннің келбеті қазақтың көрнекті журналисі ретінде берілді. Сондай-ақ М. Сералин «Айқап» журналы қазақтар арасындағы ұлттық қозғалысқа дем берді деп түсіндіріледі. Мұндай пікір С. Зенковскийдің еңбегінде де көрініс тапқан.

Сералин Мұхамеджан шығармалары:

1. Сералин, М. Парасат билік құрсын десеңіз [Мәтін] : [басшы болу, ел басқару туралы ойлары] / М. Сералин ; Мұхамеджан Сералин // Ақиқат. – 2009. – № 3. – Б. 3.
2. Сералин Мұхамеджан [Мәтін] : мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары және аудармалары / құраст.: Қ. Ыдырысов. – Астана: Аударма, 2002. – 344 б.
3. Сералин, М. Топжарған [Мәтін] : шығармалары / М. Сералин ; құраст., алғы сөзін жазған: Т. Әбдірахманов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 168 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Ергөбек, Қ. Баянсөз [Мәтін] : (баянды өмірден өрілген өнеге) / Қ. Ергөбек. – Тараз: Сенім, 2019. – 512 б.
2. Кенжебайұлы, Бейсембай. Шығармалар жинағы [Мәтін] : (XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті). 2-том. Ояну дәуірінің әдебиеті / Б. Кенжебайұлы. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 336 б.
3. Кенжебайұлы, Бейсембай. Шығармалар жинағы [Мәтін]. 1-том. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін / Б. Кенжебайұлы. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 360 б.
4. Дербісәлин, Ә. Ыбырай Алтынсарин [Мәтін] : үш томдық шығармалар жинағы : ғұмырнамалық эссе-хикаят және ғылыми зерттеулер. 1-том / Ә. Дербісәлин ; құраст.: Ж. Тілепов, Ә Тұрғалиева. – Алматы, 2015. – 632 б.
5. Қазақтың 100 поэмасы [Мәтін]. 2-том / [құраст.: Ж. Аймұхамбет, А. Әлімұлы]. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
6. Мәулетов, Ғ. Азалы ақиқат [Мәтін] : қуғын-сүргін құрбандары болған қаламгерлер туралы хикаят / Ғ. Мәулетов. - Қостанай: Қостанай баспа үйі, 2012. – 178 б.
7. Кітапханатану. Библиография. Кітаптану=Библиотековедение. Библиография. Книговедение [Мәтін] : 22-шығ.: "Ұлы Дала өркениеті және Шаһнама": Халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы, 7-8 қазан 2009 ж.) / құраст.: Г.Т. Рахымжанова. – Алматы, 2010. – 284 б.
8. Нысанова, Санжан Қуандыққызы. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі [Мәтін] : тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / С. Қ. Нысанова. – Алматы, 2008. – 26,[4] б.

9. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін] : он томдық. 5-том. Қазақстанның Ресейге бағыну кезіндегі тәлімдік ойлар және оқу-ағарту ісінің жайы / құраст.: Қалиев С., Аюбай К. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2008. – 448 б.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы [Мәтін] : он томдық. 6-том. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900-1917) / жалпы ред. басқ.: А. Егеубаев, Ж. Ысмағұлов. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 610 б.
11. Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия. 7-том. Н - С / бас ред.: Б. Ғ. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 660 б.
12. Кенжебайұлы, Бейсембай. Түрік қағанатынан бүгінге дейін... [Мәтін] : шығармалары / Б. Кенжебайұлы ; құраст.: Қ. Ергөбек. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 б.
13. Кенжебаев, Б. XX ғасыр басындағы әдебиет [Мәтін] : жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық / Б. Кенжебаев. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.

Мерзімді басылымдарға шыққан мақалалар тізімі:

14. Сүйінов, Есенгелді. «Білім әлеміне ашылған бір терезе» [Мәтін] : «Айқап» журналының алғашқы саны шыққанына – 110 жыл / Е. Сүйінов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 18 ақпан. – Б. 11.
15. Аязбеков, Жанұзақ. «Биыл – 99, келер жылы – 100 жыл!» [Мәтін] : [«Қостанай таңы» газетінің шыға бастағанына бүгін тура 99 жыл] / Ж. Аязбеков // Қостанай таңы. – 2021. – 25 маусым. – Б. 1, 2.
16. Ахметова, Айгүл. Алаш идеясы және ұлттық экономика [Мәтін] : [Алаш арыстарының бес ұстанымы туралы] / А. Ахметова // Қостанай-АГРО. – 2021. – 22 шілде. – Б. 17.
17. Ыбырай, Әлібек. Арысқа тағзым – ұрпаққа тағылым [Мәтін] : [Қарабалық кентінде «Ауыл» (қазіргі «Қостанай таңы») газетінің тұңғыш редакторы болған ақын Мұхамеджан Сералинге ескерткіш белгі орнатылды] / Ә. Ыбырай ; суретті түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2021. – 5 қараша. – Б. 1, 11.
18. Ұлылар есімі ұлағатталды [Мәтін] : [журналист Мұхамеджан Сералинге ескерткіш белгі орнатылды] / бетгі дайындаған Маржан Алпыс ; суретті түсірген автор // Қостанай-АГРО. – 2021. – 11 қараша. – Б. 17.
19. Сүйінов, Есенгелді. Сералин феномені [Мәтін] : [жазушы, журналист Мұхамеджан Сералин] / Е. Сүйінов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 15 мамыр. – Б. 11.
20. Қос арысқа құран бағышталды [Мәтін] : [Мұхамеджан Сералин және Бейімбет Майлинге] / [газ. ред.] ; суретті түсірген Б. Көркембаев // Қостанай таңы. – 2019. – 29 мамыр. – Б. 8.

- 21.Моргунов, Константин. Орынбор және қазақ зиялылары [Мәтін] / К. Моргунов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 11 желтоқсан. – Б. 6.
- 22.Шаяхмет, Ақылбек. [Бісімілла, рахман-рахим! Қостанайым киелі] [Мәтін] : [өлең : қостанайлық атақты тұлғаларға арнау] / А. Шаяхмет // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2018. – 26 қаңтар. – Б. 12.
- 23.Қойшыманов, Қасқырбай. Түбірлі еңбек - "Топжарған" [Мәтін] : Мұхамеджан Сералиннің латынша жазылған хикаясы табылды / Қ. Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қазан. – Б. 23.
- 24.Жәрімбетова, Нәзира."Топжарған" поэмасының латынша көшірмесі [Мәтін] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2017. – 19 қазан. – Б. 4.
- 25.Меңдібай, Сәлім. Би-ағаңа бас иген [Мәтін] : журналист-жазушы, ғалым, дипломат Серікқали Байменше туралы сөз / С. Меңдібай // Қостанай таңы. – 2016. – 5 ақпан. – Б. 6.
- 26.Отарбаев, Жанкелді. Би-ағаның жанқияр досы еді [Мәтін] : Сәйфи Құдаш атамыздың Қостанай даласына алғаш келуінің 100 жылдығына : [суреттер бар] / Ж. Отарбаев // Қостанай таңы. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). – 2014. – 17 қаңтар. – Б. 7, 9.
- 27.Мұсабаев, Хамитбек. Қоқан және "Қазақ" һәм қазақ [Мәтін] : [Қазақ газеті алғашқы редакторлары туралы] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 3.
- 28.Меңдібай, Сәлім. Қарабалуан мен Жазы би [Мәтін] / С. Меңдібай ; жобаның жетекшісі Сәлім Меңдібай ; кеңесшілері: Қалқаман Жақып, Қыдырбек Қиысқан, Қабылахат Сейдахмет // Қостанай таңы. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). –2013. – 11 қазан. – Б. 8.
- 29.Мәулетов, Ғалихан. Қазақтың тұңғыш жураналисі [Мәтін] : [журналист Мұхамеджан Сералин және "Ауыл" газеті туралы әңгіме] / Ғ. Мәулетов // Қостанай таңы. – 2012. – 8 ақпан. – Б. 6.
- 30.Мәулетов, Ғалихан. Қазақтың тұңғыш журналисі [Мәтін] : [журналист Мұхамеджан Сералин және оның "Ауыл" газеті туралы] / Ғ. Мәулетов // Қостанай таңы. – 2012. – 10 ақпан . – Б. 6.
- 31.Есқожинов, Қадыр. Мұхамеджан Сералиннің белгісіз қырлары [Мәтін] : [жазушы, журналист М. Сералин немересімен сұхбат] / Қ. Есқожинов // Қазақ. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 8.
- 32.Қалиев, Е. М. Сералин - ағартушы, демократ және қайраткер [Мәтін] : [XX ғасырдың басындағы қазақ халқының демократ ағартушысы, әрі қайраткер тұлғаларының бірі - Мұхамеджан Сералин] / Е. Қалиев // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2005. – № 2. – Б. 52–62.
- 33.Оспанұлы, Серікбай. Ұлтының камын ойлаған [Мәтін] : Мұхамеджан Сералин шығармашылығы жөнінде бірер сөз / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 21 қыркүйек. – Б. 4.
- 34.Оразова, Ә.Х. Досмұхамедов, М. Сералин, С. Сейфуллиннің мерзімді баспасөздің ұлттық тәрбие мен білім берудегі рөлі туралы ойлары [Мәтін] : [ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, оқу, үйрену мәселелері] / Ә. Оразова ; Ә. Оразова // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 2. – Б. 26–30.

Мұхамеджан Сералин - қазақ журналистикасының атасы

Журналистикасы жоқ ел – шежіресі және тарихы жоқ ХХ ғасырдың басында қазақ даласында журналистиканың негізін қалаған. Бұл заманда өмір сүрген қазақ халқының көрнекті өкілдерінің арқасында ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары пайда болған. Осындай тұлғалардың бірі - Сералин Мұхамбетжан (1872–1929). М. Сералин – табиғатынан дарынды, аналитикалық ойлау



қабілеті, қоғамдағы барлық оқиғаларға өз көзқарасы бар тұлға. 1880-1887 жылыдары Троицкідегі медреседе оқиды, оны аяқтағаннан кейін 1891 жылы Қостанайдағы 2-


сыныптық орыс-татар мектебін үздік тәмамдайды. Содан соң Орынбор училищесіне қабылдау эмитандарын сәтті тапсырады. Бірақ қаржы қиыншылықтардан оқуды жалғастыра алмай, туған ауылына қайтып келді. Бұл жерде бірнеше жыл мұғалім болып жұмыс жасап, балаларға қазақ және орыс тілдерінен сабақ берді. Осы уақытта көптеген қазақ зиялылары кем дегенде орта білім алған. Сералин осындай білімге де қол жеткізбеді. Оның басты мұғалімі – өмір. 1897 жылы Мұхамеджан Сералин Троиц қаласындағы зауытқа жүн сұрыптаушы болып жұмысқа тұрды. Зауытта еңбектеніп жүріп, қала кітапханаларындағы бүкіл орыс классикалық әдебиетін оқып шықты.



Сонымен бірге, қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттей отырып, өзі де өлеңдер жаза бастады. Орыс, парсы, татар тілдерін жетік меңгерді. Мұхамеджан Сералин патша әкімшілігінің көптеген ұйымдарына барып, «Айқап» журналын шығаруға рұқсат сұрайды. 1910 жылдың аяғында үкімет М.Сералиннің өтінішін қанағаттандырып, алғашқы қазақ журналының шығаруына рұқсатын берді. Рұқсат қағазында былай деп жазылған: «Қостанай уезінің № 5 Шұбар болысының қырғызы М. Сералинге өзінің жауапкершілігімен Троицк қаласында ай сайынғы «Эй-Кафь» журналын шығаруға рұқсат беру. Журналдың бағдарламасы: озық мақалалар, шетел жаңалықтары,

мұсылман ғұмырындағы мәселелер, жылнама, фельетондар және өлеңдер, библиография мен ғылыми мақалалар, редакцияға жазылған хаттар». Журналистика саласында еңбек өтілі жоқ болғанымен, Сералин өзінің өмір тәжірибесін пайдаланып, халық арасында кедейшілік жағдайын ескеріп, іске кіріскен. «Айқап» журналы – бұл кездегі адамдар үшін ерекше құбылыс.

Әлеуметтік теңсіздік халыққа ауыр әсер еткен еді. Бұл көп адамдардың көкейінде жүрсе де, ештеңе өзгерте алмайтынын білген. Бірен –саран адамдардың қолынан ешнәрсе келмеді. Жаяудың үні шықпас, жалғыздың шаңы шықпас. Сондықтан зиялы қауымға жаңа жол таңдау қажет болды. Мақсатқа жету үшін өз басылымын ашу керек еді. Осылайша «Айқап» журналы құрылған. Мұхамеджан Сералин тілшілер және ақпарат беретін адамдарды жинады. «Айқап» журналы қызметкерлерінің қатарына көрнекті тұлғалар кірді. Жиһанша Сейдалин, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Молдағали Жолдыбаев, Есенғали Хасболатов және басқалар.



1915 жылға дейін шыққан «Айқап» журналының барлық сандарын қарап шықсаңыз, мерзімдік басылымның сапасы өте жоғары болғандығына көзіңіз әбден жетеді. Арнайы оқу орында білім алмаған Сералиннің кәсіби тілшілерден айырмашылығы жоқ. Әр мақаланың мазмұны және тақырыбы терең әрі жан-жақты ойластырылған. Осылайша, мерзімдік басылымды шығарып жүрген Сералин өз халқына қызмет еткен. Ол алғашқы қазақ журналының редакторы әрі басқарушысы. Мұхамеджан Сералин Қазақстандық журналистикада ірі жетістіктерімен өз қолтаңбасын қалдырған. Сол себептеп де оны қазақ

журналистикасының атасы деп атауға толық құқығымыз бар. Сонымен қоса, Мұхамеджан Сералин – «Егемен Қазақстан» қазіргі республикалық газеттің негізін қалаушы, «Ауыл» (қазіргі кезде «Қостанай таңы») газетінің редакторы. «Айқап» журналы сол кездегі қазақ зиялыларына ана тілінде ойлау және жазуды үйреткен. Мұхамеджан Сералин бүкіл ғұмырын журналға арнаған.

Ақын Мұхамеджан Сералин фотосуреттері:



1928 жыл жазушы М. Сералиннің отбасымен түскен соңғы суреті.



**Мұхамеджан Сералин
1923 жыл.**

**М. Сералиннің 1915 жылы
Троицкіде басылған
"Топжарған" атты
кітабының мұкабасы.**




М. Сералиннің туыстары (солдан оңға қарай): Зәкір Оспанұлы Сералин, Файыз Зәкірұлы Оспанов (Сералин), Рәбиға Оспан келіі, Мұхамеджанның бөлесі Майтап, Мадина Уалиева.



М. Сералин баспасөз қызметкерлерімен бірге. Екінші қатарда екінші орында. Қостанай. 1923 жыл.

Мүсінші
В.И. Морозов
жасаған
Мұхамеджан
Сералиннің мүсіні.
27 қазан
1987 жыл.



“Ауыл”, “Қостанай таңы” газетінің тұңғыш редакторы,
көрнекті қазақ журналисі, қоғам қайраткері
Мұхамеджан Сералинге арнап Қостанайда
орнатылған ескерткіш тақта. *2002 жыл.*



М.Сералин Бүкілқырғыздық (Бүкілқазақтық) Советтер съезінде Қостанайлық делегаттар арасында. (Сол жақтан үшінші орында).




Қарабалық кентіндегі М. Сералиннің бюсті





М. Сералин ескерткіші

Сералин Мұхамеджанның кітаптары:



Ол туралы жарияланған кітаптар:



Мазмұны:

Ұлт қамқоры болған тұлға	5-7
Сералин Мұхамеджан шығармалары.....	8
Ол туралы.....	8-9
Мерзімді басылымдарға шыққан мақалалар тізімі.....	9-10
Мұхамеджан Сералин - қазақ журналистикасының атасы.....	11-12
М. Сералин фотосуреттері.....	13-17
Сералин Мұхамеджанның кітаптары.....	18
Ол туралы жарияланған кітаптар.....	19

Шығ. жауапты:.... К. Б. Борибаева
Құрастырушы:.... С.М. Көшкінбай
Редакторы:.... Ә. Қ. Ахметжанова

Басуға 27.09.2021 ж. қол қойылды
Қаріп түрі Times New Roman.
Басылымның көлемі (0,3)
Таралымы 5 дана

**«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – [mail:arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)**

